



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

20 мамыр
сейсенбі
№37 (2150)
2025 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ:

Үкімет Қызылорда қаласындағы
ЖЭО жөндеу жұмыстарына 2,5 млрд
тенгеден астам қаржы бөлді. Бұл туралы
primeminister.kz сайтында жарияланды.

Үкімет Қызылорда қаласындағы
Оңтүстік қазандығының үш бу
қазандығын реконструкциялау жобасын
жүзеге асыруға 2,5 млрд тенгеден астам
қаржы бөлді. Тиісті қаулыға Премьер-
министр Олжас Бектенов қол қойды.

Атап айтқанда, қаражат
Қызылорда қаласы тұрғындарын
орталықтандырылған жылумен
жабдықтауды 3 көзден: негізгі ЖЭО,
Оңтүстік және автономды қазандықтар
арқылы қамтамасыз ететін жалғыз
кәсіпорын «Қызылорда жылу электр
орталығы» МКК-ға бағытталды.

Үкімет 2,5 млрд қаржы бөлді



Қазіргі таңда Оңтүстік қазандықтың негізгі
жабдықтары апатты жағдайда және резервтік
қуатсыз жұмыс істеп тұр.

Оларды реконструкциялау жобасын жүзеге
асыру 2024 жылы басталған. Үкімет резервінен
2,04 млрд тенге, облыстық бюджеттен 655 млн
тенге бөлінген болатын. Аталған кезеңде суды
химиялық тазарту қондырғыларын ауыстыру,
ескі қазандықтарды бөлшектеу, сондай-ақ жана
жабдықтар жасау үшін зауытқа өтінімдер беру
бойынша жұмыстар орындалды.

Жобаның аяқталуы алдағы жылы
маусымына дайындалуға және қаланың оңтүстік
бөлігі тұрғындарын: 197 көпөтерлі тұрғын үй
кешенін, 73 әлеуметтік және 69 шаруашылық
нысанды тұрақты жылумен қамтамасыз етуге
мүмкіндік береді.

«Энергетикалық және коммуналдық
секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы
аясында өңірде жылу желілерін жөндеу
бойынша 4 жобаны іске асыру көзделуде.

«Ақмешіт-ақпарат»

ТҰРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІ: жаңа жоба кімге тиімді?



Елімізде баспана мәселесін реттеуде заңға өзгерістер
енгізіліп, оң шешімдер жүзеге аспақ. Бұрын тұрғын үй
кезегіне тұру белгілі бір әлеуметтік санаттағы азаматтарға
ғана мүмкін еді. Оның ішінде мүмкіндігі шектеулі баласы
бар не мүгедек жандарды бағып отырғандар, көпбалалы
отбасы, толық емес отбасы, жетім немесе ата-анасының
қамқорлығынсыз қалған балалар, мемлекет, бюджет
саласының қызметкерлері сынды санаттағылар бар еді.

Енді биылғы 24 мамырдан бастап
қазақстандықтар ешқандай санатқа
қарамастан баспана кезегіне тұра алады.
Жаңа заң жобасы аясында үйсіз жүрген
жұрттың баспаналы болу мүмкіндігі
артпақ.

Иә, баспана мәселесі қай кезде
де өзекті. Үйсіз жүрген жанның күйі
болмайтыны белгілі. Ал бұл жаңалық
тапқан табысы жалдамалы пәтер
ақысы мен ас-ауқатынан артылмайтын
қарапайым халыққа үміт сыйлағаны рас.

Жаңа заң жобасына сәйкес тұрғын үй
кезегіне қою, бөлу, мониторинг жүргізу
«Отбасы банк» АҚ-на жүктелген. Бұған
дейін тұрғын үй саласындағы ипотекалық
бағдарламаларды жүзеге асырып келген
банк енді кезекке тұрған азаматтардың
мүқтаждық деңгейін анықтап, талапқа
сай еместерді тізімнен шығару жұмысын
жүргізеді.

2-БЕТТЕ

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ АСТАНА КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ

1925-1928 жылдар аралығында Алаш қайраткерлері
жана астана Қызылордада саяси-мәдени орта қалып-
тастырды. Алашорда көсемдерінің бірі Ахмет
Байтұрсынов ұлт жұмысының көшбасында тұрса,
ал Міржақып Дулатов қазақ әдебиетінің дамуына
өлшеусіз үлес қосты. Қазақ зиялыларының саяси және
ағартушылық қызметі басапандан шыққан материалдарда
өз жалғасын тапты десек қателеспейміз.



Әліпби. Жаңа құралы. А.Байтұрсынов.
Қызылорда. 1927 ж.

1925 жылы Қазақ АКСР-нің астанасы Қызылордаға
көшкеннен кейін ұлт зиялыларының көптеген еңбегі
мен шығармасы кітап ретінде басылып, халық игілігіне
пайдаланды. 1925-1932 жж. аралығында қаламыздағы сол
кезеңде қазақ мемлекеттік баспасы аталған мекемеден
Алаш қайраткерлері А.Байтұрсынов, М.Дулатов,
М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов, Ж.Аймауытов,
Б.Майлин, І.Жансүгіров т.б. еңбектері шықты.

3-БЕТТЕ

ЖЫР-КҮМБЕЗ

АҚМАРАЛДЫҢ ШАБЫТ ӘЛЕМІ



Қызылорда облыстық филармониясының
әншісі, мәдениет саласының үздігі Ақмарал
Ноғайбаеваның есімін бүгінде ел біледі.
Сыраймен айтқан ерекше ашық дауысы,
нақышына келтіре айтқан әсем әні сайраған
бұлбұл үнімен теңескендей. Оның
үстіне дәстүрлі әнді сыраймен
орындауға көп әнші тәуекел
етпейтіні белгілі. Әншінің
әкесі Әлмырза Ноғайбаев
хас талант, жезтаңдай әнші
екенін күллі қазақ біледі
десем қателеспейтін
шығармын. Тарлан талант
иесінің «Жез киік» әнімен
танылғаны белгілі. Ол кісі
әнді домбырамен орындаса,
Нартай ағамыз дүниеге келген
киелі мекенінің құдіреті болар.
Ақмарал сыраймен ән
айтуды қалады

4-БЕТТЕ

Баспасөз-2025

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Баспасөзге 2025 жылдың
екінші жартыжылдығына
жазылу жүруде.

Қапы қалмаңыз, сүйікті
газетіңіз төріңізде
тұрсын!

Жекелер үшін
6 айға – 3000 теңге,
мекемелер үшін –
4000 теңге.

Баспасөзге қатысты
сауалдарыңыз болса,
мына нөмірлерге
хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.

СҰХБАТ



Мағжан ӘЛИЕВ,
«Зерделі» оқу орталығының қазақ тілі және
әдебиеті пәні мұғалімі:

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУГЕ АРНАЛҒАН МОБИЛЬДІ ҚОСЫМША ЖАСАҒЫМ КЕЛЕДІ

Қазіргі таңда қосымша білім беру – оқушының дамуына бағытталған
ең маңызды әдістің бірі. Сабақтан тыс уақытта балалардың танымдық
қабілетін арттырып, пәнге деген қызығушылығын ояту үшін
ұйымдастырылатын қосымша сабақтардың орны ерекше. Алайда,
мұндай білім беру процесінде нәтижеге қол жеткізу үшін білікті де
жанашыр мұғалімнің болуы басты шарт. Солардың қатарында «Зерделі»
оқу орталығының жас әрі ізденімпаз мұғалімі Мағжан Несіпбайұлы
Әлиев бар. Мағжан Әлиев тек білім беріп қана қоймай, шәкірт бойындағы
сенімді, ұмтылысты және ізденісті оятуға тырысатын нағыз жанашыр
маман. Жас ұстаздың кәсіби жолы мен әдістемесі туралы сұхбаттасудың
сәті түсті.

4-БЕТТЕ

2025 ЖЫЛ – ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

САПАЛЫ МАМАН ДАЙЫНДАУ — БАСТЫ МІНДЕТ



Мемлекет басшысы 2025 жылды Жұмысшы
мамандықтар жылы деп жариялады. Қоғамда
еңбеккер адам идеясын насихаттап, жұмысшы
мамандықтарды дәрiптeуде ең алдымен осы салаға
қажетті мамандарды даярлайтын оқу орындары
еске түседі.

Қазіргі таңда «Жұмысшы мамандықтары жылы»
аясында қазақстандық колледждер тағылымдама-
дан өтуде. Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз
қызметінің хабарлауынша, Қазақстан жұмысшы
кадрларды даярлауда әлемдік деңгейге шықты.

Қазіргі уақытта салалық ведомство шетелдік
серіктестермен келіссөздер жүргізуде. Олардың
қатарында Қытай, Оңтүстік Корея, Франция
секілді елдердің жетекші білім беру ұйымдары
мен кәсіпорындары бар. Ынтымақтастық аясында
академиялық ұтқырылққа, тағылымдама мен
тәжірибе алмасу бағдарламаларына, халықаралық
білім беру стандарттарын, қос диплом алу
бағдарламаларын енгізуге, сондай-ақ педагогтердің
кәсіби құзыреттілігін арттыруға ерекше көңіл
бөлінуде.

3-БЕТТЕ

Ел экономикасының қозғаушы күші саналатын кәсіпкерлік саласын қолдау жыл сайын артып келеді. Әсіресе кәсіп бастаймын деген жастар мен жұмыссыз азаматтарды қолдау бағытында бірқатар мемлекеттік бағдарламалар тұрақты жүзеге асуда. Бұл ретте жаңа бизнес идеяларды жүзеге асыруға арналған қайтарымсыз грант беру кәсіп ашқысы келгендерге үлкен көмек екенін атап өткен жөн.

ҚАЙТАРЫМСЫЗ ҚАРАЖАТ – КӘСІП АШҚЫСЫ КЕЛГЕНДЕРГЕ ТАҒЫ БІР МҮМКІНДІК

Мемлекет ұсынатын қайтарымсыз қаржылай көмек кәсіпкерлердің бастамасын қолдап, жаңа бизнес идеясын жүзеге асыруда жылда беріліп келеді. Бұл қаражатқа қолы жетіп, мақсатымен жұмсағандар бүгінде кәсібін дөңгелетіп отырған жайы бар. Былтыр мұндай мүмкіндікті қалт жібергендер биыл бағын қайта сынауына болады.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 21 мамырдан бастап 1 лек бойынша жаңа бизнес идеяларды іске асыруға берілетін грантты алуға өтінім қабылданатынын жариялады. Министрліктің мәліметінше, биыл алғашқы лекте республика бойынша 4500 адамға қаржылай қолдау көрсету жоспарланған. Өтініш «business.enbek.kz» порталы арқылы қабылданады.

– Биылғы гранттың мөлшері 400 АЕК-ті, яғни 1 миллион 572 800 теңгені құрайды. Қаржылай қолдау кәсіпкерге бір-ақ рет беріледі. Бағдарлама талабына сәйкес атаулы әлеуметтік көмек алушылар, көпбалалы отбасы мүшесі, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алушылар, қоныс аударушылар, қандастар, еңбекке қарсы көрсетілімі жоқ мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған азаматтар жаңа бизнес идеясын іске асыруға қайтарымсыз қаржыны алады.



Сондай-ақ осы саясаттағы азаматтар жұмыссыз немесе 3 жылға дейінгі жеке кәсіпкер болуы шарт. Үміткердің «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту туралы 3 жылдан аспайтын мерзімге сертификатты болуы тиіс, – дейді «Мансап» орталығының бөлім басшысы Тұрсынбай Қойшыбаева.

Сала маманы осы орайда қайтарымсыз қаражат кәсіпкерлерге қажетті құрал-саймандарды, еңбек құралдарын, технологиялық жабдыктарды, үй жануарларын, құстарды, көшеттерді, бұталарды, тұқымдарды сатып алу, орын-жайларды жалға алу ақысын төлеу мақсатында берілетінін жеткізді. Өкінішке қарай, берілген қаржыны мақсатсыз жұмсап жіберетіндер де болады. Олар гранттың тұтынушылық мақсатта, кредиттік қарыздарды өтеуге, жылжымайтын тұрғын үй сатып алуға және салуға, жер учаскелерін сатып алуға, акцизделетін өнімдер өндіруге берілмейтінін ескермейтін көрінеді. Сондықтан қаражатқа ие болған кәсіпкердің кәсіп ашқаны не қаржыны нақты мақсатта жұмсағаны тексеріледі.

– Жобаға қатысу үшін «business.enbek.kz» порталына тіркеліп, грант алу шарттарына сәйкестігін тексеру, бизнес-жоспар үлгісін жүктеп, оны толтыру және порталға енгізу, өтініш нысанын толтыру және ЭЦҚ кілтпен қол қою қажет. Азаматтардың кез келген сұрағына орталық мамандары жауап береді, – дейді бөлім басшысы.

Бүгінде тұрғындар нарық талабына сай кәсіп ашуда мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігіне, нақты қолдаудың барына көзі жеткен. Сондықтан бұл мүмкіндікті пайдаланғысы келетін азаматтар қатары көп. Былтыр жоба аясында 520 адам қайтарымсыз қаражатқа ие болыпты. Басым көпшілігі мал, құс шаруашылығы, қондырғы өнім мен тігін саласын тандағандар екен. Олар «Бастау бизнес» жобасы аясында кәсіпкерлік негіздерін оқыту курсынан өтіп, кәсіп жүргізудің қыр-сырын меңгерген.

ТҰРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІ: жаңа жоба кімге тиімді?



Баспана кезегіне тұрғысы келетіндердің әлеуметтік санаты ескерілмегенмен, соңғы 5 жылда өзінің не отбасы мүшелерінің атында үй болмауы немесе ресми түрде апатты деп танылған үйде тұруы шарт.

– 24 мамырдан бастап

«Отбасы банк» тұрғын үй саласындағы Ұлттық даму институты ретінде жұмыс істейді. Сондай-ақ барлық қазақстандық азаматтар санатына қарамастан «otken.otbasybank.kz» порталы арқылы тұрғын үй кезегіне тұра алады. Ол үшін аталған сайтқа кіріп, электрондық цифрлық қолтаңба арқылы тіркеуден өтеді. Осылайша азаматтардың талапқа сай келетіні не келмейтіні автоматты түрде тексеріледі. Егер азаматтың немесе отбасы мүшелерінің соңғы 5 жылда меншігінде тұрғын үйі болмаса, тұрғын үйге мұқтаждар есебіне енгізіледі. Өтінім 1 жұмыс күні, ал тұрғын үйдің апатты жағдайда екенін растайтын құжаты болса 3 жұмыс күні ішінде қаралады, – дейді банктің бизнесі дамыту бөлімінің 1 санатты маманы Бекбол Үсенғазиев.

Сонымен қатар маман тұрғын үйге кезекке тұруға өтінім берген кезде азаматтарға және олардың отбасы

мүшелеріне 1414 номерінен смс-хабарлама келетінін айтты. Сол арқылы жеке деректерді жинауға және өңдеуге келісім беру сұралады. Бұл хабарламаға жауап беру міндетті, жауап бермеген жағдайда жүйе өтінімді қарауды жалғастыра алмайды. Бұған дейін кезекте тұрған қазақстандықтар кезектен шығарылмайды. Баспанаға мұқтаж азаматтар базасы 17 маусымнан кейін

Отбасы банкке беріледі.

– Тұрғын үй кезегіндегі азаматтарға баспана берудіңде өзіндік талабы бар. Алдымен ҰОС ардагері мен оларға теңестірілгендерге, жетім балаларға, көпбалалы отбасыларға, мүгедек балалары бар отбасыларға, I және II топ мүгедектеріне, жесір әйелдер мен ерлерге басымдық беріледі. Сондай-ақ азаматтардың кезекке тұрған уақыты ескеріледі, – дейді сала маманы.

Бұл жүйе баспаналы болуды армандаған әрбір азаматқа берілген үлкен мүмкіндік. Десе де мамандар кезекте тұрғанмен Отбасы банктен депозит ашып, жинақ жүргізудің маңызды екенін ескертеді. Банктің бизнесі дамыту бөлімінің I санатты маманы Бекбол Үсенғазиевтің айтуынша, кезекке тұрған азаматтардың бәрине тегін пәтер берілмейді. Міндетті түрде жинағы болуы маңызды. Сол арқылы мемлекеттік бағдарламаларға қатысуға мүмкіндік алады. Жинақтың тұрақты болуы



жылдық мөлшерлемені төмендетіп, баспаналы болу мүмкіндігін арттырады.

– Көпшілікке түсінікті болу үшін тұрғын үй кезегіне кімдердің тұра алмайтынын да айта кеткен жөн. Азаматтардың соңғы 5 жылда меншігінде тұрғын үйі болса, тіпті сатып жіберген жағдайда да өтінім қабылданбайды. Бұдан бөлек мемлекеттен үй алған болса, өтініште жалған ақпарат көрсетсе, бұрын жеңілдетілген ипотека арқылы баспана сатып алған болса, мұндай санаттағы азаматтар тұрғын үй кезегіне тұра алмайды, – дейді Бекбол Үсенғазиев.

Соңғы жылдары баспана мәселесін шешуде Отбасы банктің жеңілдетілген ипотекалық бағдарламалары жүйелі жүргізіліп келеді. Ал кезекте тұрған азаматтардың санын азайтуда аймақта жыл сайын пәтер кілтін табыстау дәстүрге айналып келеді. Аймақта қарқын алған құрылыс секторының басым бөлігін тұрғын үй құрылысы құрайды. Десе де облыста 36981 азамат баспана кезегінде тұр екен.

Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы басқармасының мәліметі бойынша кезекте тұрғандардың 2 мыңға жуығы жетім балалар, 9859-ы көпбалалы аналар мен көпбалалы отбасылар болса, 14 мыңнан астамы халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтары мен 10196-сы мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар.

Басы 1-бетте

Несиеге тәуелділік қаржылық сауатсыздық салдары ма?

Қазіргі күні несиесі жоқ адам некен-саяқ. Бәрінің басында бірнеше несиеден бар. Бұған дейін мемлекет тарапынан жүргізілген бір реттік несие кешіру рәсімі халықтың тұтынушылық мақсатта несие алу көрсеткішін төмендеткен жоқ. Ал осыдан 2 жыл бұрын несиеден төлеуге мүмкіндігі жоқ, төлем қабілетінен айырылған азаматтарды банкрот деп тану туралы заң шыққан еді. Бұл бұрышкерлердің қиын қаржылық жағдайдан шығуына көмектесу мақсатында іске асырылды. Заң қолданысқа енген жылдан биыл наурыз айына дейінгі аралықта 22 мыңнан астам азамат банкрот деп танылған екен. Олардың жалпы қарызы 40,9 миллиард теңгені құраған.

Банкрот деп тану жобасы көп адамға қаржылық қиындықтан шығудың жолы болғаны рас. Алайда бұл ел азаматтарының несиеге тәуелділігін азайтқан жоқ. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің мәліметінше, биыл I сәуірдегі есеп бойынша қазақстандықтардың банкрот мен қаржы ұйымдарына жалпы қарызы шамамен 21,4 триллион теңгені құраған. Оның 14,4 трлн теңгесі тұтынушылық несие болса, 3,6 трлн теңгесі автонеие мен 3,4 трлн теңгесі ипотекалық несие санатында кіреді.

Жаңа заң неге тыйым салады?

Күнкірісі несиеге байланған қазақстандықтар үшін былтыр Парламент Мәжілісінің депутаттары «Кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту және қарыз алушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды мақұлдап, жоғары Палатаға жолдаған болатын. Өз кезегінде сенаторлар заңға қайта өзгерістер мен толықтырулар енгізген.

Қос Палатаның депутаттары мақұлдаған заң азаматтардың бұрыштық тәуекелдерін төмендету және проблемалық қарыздарын шешу бойынша шаралар қабылдауды көздейді. Соның нәтижесінде бұрын-соңды ештенеге қарамастан несие беретін банктер мен қаржы ұйымдарына бірқатар шектеу қойылды.

Несие төлемі жеңілдетілгендер қатарында мерзімді әскери қызмет атқарып жүрген азаматтар бар. Бұған дейін несие алған әскердегі азаматтарға қызмет кезеңінде және одан кейінгі екі айда ешқандай сыйақы есептелмей төлеу мерзімі кейінге шегеріледі.

Қаржылай қиындыққа тап болып, төлем жасай алмай жүргендер үшін тағы бір жағымды жаңалық банктер қарыз алушының шотындағы 2 ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын қаражат қалдығынан несие берешегін өндіріп ала алмайды. Яғни айлығы түссе белгілі бір мөлшерін банк несие төлеміне ұстамайды.

Азаматтардың банктік қарызы бойынша дауларды реттеуде банк омбудсменінің өкілеттігі артты. Дәл осы бағытта микроқаржы омбудсмені институты құрылды. Сондай-ақ азаматтар несие рәсімдеуден ерікті түрде бас



Мәселен, өткен жылдың I қыркүйегінен бастап ел азаматтары жұбайының рұқсатынсыз банктен несие ала алмайтын болды. Бұл тыйым қазақстандықтардың кепілсіз несие алуының артуына байланысты қабылданған шешімнің бірі. Сондай-ақ азаматтардың 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі болса, оларға кепілсіз тұтынушылық несиелер беруге, сондай-ақ қолданыстағы тұтыну несиелері бойынша 90 күн кешіктірілгеннен кейін сыйақыны есептеуге де тыйым салынды.

тартса, рәсімделген несиелері есептен шығарылады. Несие беруге қатысты мұндай шараларды қабылдауға азаматтардың атынан алаяқтардың несие алу көрсеткішінің көбеюі де әсер етті. Бұл ретте енді клиенттің биометрикалық сәйкестендіруі мен электрондық цифрлық қолтаңбаны бір мезгілде қолдануы міндеттелді. Онсыз банктік несиелер мен микрокредиттер берілмейді. Бұдан бөлек 21 жасқа толмаған және 55 жастан асқан азаматтарға кепілсіз тұтынушылық несиеден электронды үкімет порталы

арқылы келісім алғаннан кейін ғана рәсімдеуге рұқсат беріледі.

Жасыратыны жоқ, көпшілікті қарызға белшенде батырған онлайн несие деуге болады. Оңай әрі санаулы уақытта берілетін несиеден кез келген адамның алуына мүмкіндігі бар. Мұны ескерген мамандар енді тұтынушылық кепілсіз онлайн несиедерді беру үшін 24 сағаттық «салқындату кезеңін» енгізбек.

Салқындату кезеңі – азаматтарға ойлануға 1 күн уақыт береді. Бұл аралықта тұтынушылар қарыз алудың қажеттілігін сараптай алады. Осылайша, азаматтардың несие алуға жеті рет өлшеп, бір рет кесуіне мүмкіндік беріледі.

Қарыз алушылардың құқықтарын қорғауда сонымен бірге халықтың әлеуметтік осал топтарына да ерекше басымдық берілген. Мәселен, бұл санаттағы азаматтардың экономикалық жағдайы нашарласа, міндетті түрде кемінде үш ай мерзімге айыппұл есептемей несие мен микрокредиттер төлеу кейінге шегеріледі. Сондай-ақ олардың ай сайынғы төлемін 50 пайызға немесе одан да көп мөлшерге азайтуға болады.

Мамандар не дейді?

– Осыдан 4-5 жыл бұрын несиеден төлей алмай, қарызын 90 күннен артық кешіктірген азаматтар саны 700 мыңға жетпейтін. Қазір бұл көрсеткіш екі есеге өскен. Бұл бүгінгі қоғамның қарыздың қамтығында өмір сүріп жатқанын білдіреді. Тіпті уақытылы төлеп жүрген азаматтардың өзі әрең төлейді. Себебі банк беретін несие пайыздары жоғары. Заң жобасына енген өзгерістер халықтың қарызын оң шешуге бағытталған. Қазір алаяқтардың азаматтардың атынан несие алу жағдайы да көбейді. Осындай факторларды ескере отырып, халықтың несие жүгін жеңілдету көзделген.

Мұны тиімді жоба деп айтар едім. Енді көпшіліктің бей-берекет несие алуы қиындайды. Сол сияқты жұбайының рұқсатынсыз несие бермеу мәселесі де өзекті. Өкінішке қарай, жолдасынан жасырып несие алып, оны төлей алмай қалғандар көп. Мұның соңы отбасының бұзылуына, ажырасуға әкелуде. Бұл да отбасы құндылығына негізделген шешім деуге болады. Қаржы нарығында құқығы бұзылған азаматтарды қолдауда осындай іс-шаралар керек-ақ. Дегенмен әлде де өзгеріс керек. Банк қызметінде ең маңызды мәселе ретінде несие пайыздарын төмендетуді бірінші орынға қою керек. Мәселен, елімізде жылдық пайыздық мөлшерлемені 56 пайызға дейін қояуға рұқсат етілген. Мұны қазір 44 пайызға дейін түсіру талқыланып жатыр. Алайда оның өзі көп. 30 пайызға дейін түсіруге болады. Сондай-ақ Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесін азайтқан жөн. Дегенмен мұның барлығы Үкіметтің жұмысына байланысты. Оқандық өндірісті дамыту, индустрияландыру жобаларын жүзеге асыру керек. Ондай

жағдайда теңге нығайып, пайыздық мөлшерлеме де төмендейді. Бұдан бөлек халықтың табысы да артуы қажет. Бұл да ең маңызды мәселе, – дейді экономист-сарапшы Мақсат Халық.

«Қарызсыз қоғам» жобасының Қызылорда облысы бойынша қаржы сарапшысы Балдырған Мәменнің айтуынша, үкіметтің халықтың несие мәселесін шешуге көмектесуі азаматтардың несие алуын азайту мақсатында қолға алынуға. Алайда статистикалық мәлімет несие алушылардың саны жыл санап артып жатқанын көрсетеді. Сондықтан қаржы сарапшысы азаматтарға алдымен қаржылық сауаттылықты үйрену керегін айтады.

Биыл өзгерістер енгізілмек

Былтыр халық қалаушыларымен қаралып, нақтылаған шаралар осындай болса, биыл несие рәсімдеуде тағы бірқатар өзгерістер енгізілуі мүмкін. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің мәліметінше, биыл банктер мен микроқаржы ұйымдары үшін азаматтардың өтінімдерін қарау мерзімін 15 күн деп белгілеу, агенттік белгілеген негіздер бойынша банктердің және микроқаржы ұйымдарының азаматтардың қарыздары бойынша мерзімді 3 айға кейінге қалдыруды ұсыну, қаржы ұйымдарының ұлттық стандартын ескере отырып, мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсету, оның ішінде сенім білдірген адам арқылы қызмет көрсету рәсімдерін белгілеу, агенттікке қаржы ұйымдарының қаржылық өнімдеріне қойылатын талаптарды белгілеу қызу-ретін беру туралы өзгерістер енгізу көзделуде.

Алдағы уақытта комиссия алынбайды

Енді несие беруде кейбір банктік комиссияларға да тыйым салынуы мүмкін. Нақтысын айтқанда, банк несиеден ішінара немесе мерзімінен бұрын өтегені үшін тұрақсыздық айыбын өндірмейді. Ал шағын несиелер бойынша кез келген тұрақсыздық айыбы мүлдем болмайды. Бірақ шағын несиеден қайтармағаны үшін есептелген айыбы қалады. Ал қарыз алушылардың жүктемесін азайту мақсатында банк несиесі немесе шағын несие шарттары бойынша сақтандыру комиссиясының шекті мөлшері 10 пайыз болып белгіленген.

Қалай десекте, заңға енгізілген бұл өзгерістер несие жүгін артқан жұртшылыққа аз да болса көмек болғалы тұр. Алайда бұдан соң қазақстандықтардың тұтынушылық несие алу көрсеткіші азая ма? Тұрғындардың қаржылық сауаттылығы артып, несиеге тәуелділігі тоқтамайды деген пікірдің жаны бар сияқты. Ал сіз қалай ойлайсыз?


ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ АСТАНА КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ

Қазіргі таңда Ақмешіт музейінде төменде көрсетілген кітаптардың біршамасы сақталған. Бұлардың көбісі көшірмесі екенін айта кеткен жөн болар.



1926 жылы Қызылорда қаласынан Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Әліп-бй, Жаңа құрал» оқулығы жарық көрді. 1925-1928 жылдар аралығында бұл Әліп-бй 3 рет басылып шығады. Әр басылым сайын Ахмет Байтұрсынұлы оқулығын жетілдіріп, толықтырып отырған. Ұлт ұстазы мұғалімдерге «Дыбысты әдіс» негізінде сауат ашу үдерісі негізгі бес әрекеттен тұратынын талдап, нақтылап береді. Олар:

1. Балалармен өңгімелесу;
2. Оқу үйретуге даярлайтын жұмыстар;
3. Сөзден дыбыстарды айырып шығару;
4. Әріптермен таныстыру;
5. Берілген әріптерден сөз құрау.

Басы 1-бетте



Қартқожа. Ж.Аймауытов. Қызылорда. 1926 ж.



Комплекс пен оқыту жолдары. Ж.Аймауытов. Қызылорда. 1929 ж.

Жүсіпбек Аймауытовтың 1926 жылы қаладағы қазақ мемлекеттік баспасынан «Психология», қазақ романының төлбасы «Қартқожа» шығармасы, 1929 жылы «Комплекспен оқыту жолдары» атты еңбектері жарық көрді.


1927 жылы Қызылорда қаласындағы қазақ мемлекеттік баспасынан Халел Досмұхамедовтың «Адамның тән тірілігі» атты кітабы жарық көрді. Кітап 126 беттен тұрады. Бұл еңбекте бүкіл адам анатомиясы, адам денесінің ішкі және сыртқы құрылысы, қан айналымы, тамыр, жүйке, ми құрылымы сияқты күрделі медициналық анықтамаларға жүйелі түрде түсініктеме жасайды.

1929 жылы қазақтың ұлы жазушысы М.Әуезовтің «Новый аул» атты қазақ балаларына арналған орыс тілінде кітабы жарық көрді.



Мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллиннің 1926 жылы «Экспресс» өлеңдер жинағы, «Ұйым мен еңбек шарт жалшылар қорғаны» кітаптары, 1927 жылы Қазақ мемлекеттік баспасынан «Атаман Анненковтың азап вагоны», «Тар жол тайғақ кешу» атты кітаптары жарық көрді.

1925 жылы Қызылордалағы Қазақ мемлекеттік баспасынан белгілі жазушы Бейімбет Майлиннің «Бейімбеттің өлеңдері», «Ел мектебі», «Қос қақпан» «Бөлік» шығармалары, 1928 жылы «Құрак» атты кітабы жарық көрді.

1926 жылы мемлекет қайраткері Смағұл Сәдуақасовтың Ұлт театры туралы ұсыныстары мен ойлары жинақталып «Ұлт театры туралы» атты кітапша жарық көрді. Кітап араб әрпімен жазылған. Кітаптың мазмұнына қысқаша тоқтала кетсек. Театрда тойды да, қазақ тұрмысында көруге болады дей келіп нағыз ұлт театрын қалай жасау керек екенін ашық көрсетіп берген. Соңғы бөлімінде қазақша пьесаға бөйге жариялап қаламақысынан бөлек, бірінші бөйге мың сом, екінші бөйгеге бес жүз сом тігілгенін жария етеді.



Новый аул. М.Әуезов. Қызылорда. 1929 ж.



Бейімбет өлеңдері. Б.Майлин. Қызылорда. 1925 ж.

1928 жылы Қазақ мемлекеттік баспасынан жазушы Лияс Жансүгіровтың «Сағанақ» атты шығармасы жарық көрді.

1925-1929 жж. Қызылорда астана болған кезеңде Қазақ мемлекеттік баспасынан жарық көрген кітаптарды әлі де жинақтап жатырмыз. Еліміздің орталығы Алматыға көшірілгеннен кейінде Қызылорда да баспа жұмысы тоқтамаған. Нақты зерттеулерге сүйенсек, 1932 жылға дейін баспахана арнайы тапсырыстарды қабылдаған.

Биыл Қызылорданың Қазақ АКСР-нің астанасы болғанына 100 жыл толуына орай облыстық музей қорындағы жоғары да аталған қазақ зиялы-ларының еңбектерін баспадан қайта шығарып, музей экспозициясына орналастыру жоспарлануда.

Гүлзира ӘУБӘКІР,
Ақмешіт музейінің ғылыми қызметкері

ХАБАРЛАМА

«Шанырақ» шаруа қожалығының қатысушыларына!

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының өңдірісінде талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті Қызылорда облысының жер ресурстарын басқару департаменті» РММ-нің жауапкер «Шанырақ» шаруа қожалығына, Қызылорда қаласының әкіміне, «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі» КММ-не, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамына берген жер учаскесін жалға беру шартын жарамсыз деп танып, оның мемлекеттік тіркесуінің күшін жою туралы талап қоюы бойынша азаматтық ис қаралуда.

Аталған азаматтық істің қаралуы 2025 жылдың 29 мамыр күні сағат 9.10-ға тағайындалғанын хабарлаймыз.

Сот отырысы өткізілетін орны: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі №29.

«Шанырақ» шаруа қожалығы

САПАЛЫ МАМАН ДАЙЫНДАУ — БАСТЫ МІНДЕТ

Техникалық және кәсіптік білім департаментінің директоры Әсет Мұханбетовтің айтуынша, басты мақсат – оқу бағдарламаларын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру және заманауи еңбек нарығының сын-кәтерлеріне жауап бере алатын мамандарды даярлауға жағдай жасау. Осы мақсатта елімізде техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері, яғни, колледждердің рөлі ерекше. Жұмысшы мамандықтарға деген сұраныс колледж маңызын арттыра түседі. Осының аясында көптеген колледж заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп, зертханалар ашылды. Бұл студенттердің тәжірибелік білім алуына үлкен мүмкіндік береді.

Атап айтсақ, қаламыздағы Исатай Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғарғы колледжі жана оқу бағдарламаларын енгізіп, жұмысшы мамандықтарының мәртебесін арттыру мақсатында түрлі білім беру жобаларын іске асыруды қолға алған. Уақыт ағымына сай жыл сайын жанарып, жаңғырып келе жатқан оқу орны қазіргі уақытта кадрлар дайындауда еліміздегі оқу орындарының алдының қатарынан көрініп келеді. Колледждің білім беру жүйесіндегі орны және жұмысшы мамандық бойынша даму бағыттары жөнінде техника ғылымдарының кандидаты, колледж директоры Абайбек Жүнісов кеңінен айтып берді.

– Колледж 2025-2027 жылдарға қабылданған «Техникалық және кәсіптік білім беруді трансформациялауға байланысты Жол картасы негізінде көздеген мақсатына жетіп отыр. Техникалық және кәсіптік білім беруді трансформациялаудың негізгі бағыттарының бірі ТжКББ ұйымдарының халықаралық салалық аккредитеуден өтуі. Салалық аккредитеу – білім беру ұйымының белгіленген халықаралық салалық стандарттарға сәйкестігін бағалау процесі. Колледждерде бұл өте ауқымды мәселе. Ал біздің оқу орны 2024 жылдың желтоқсан айында «Коммерциялық elektrik» мамандығы бойынша халықаралық салалық аккредитеуден өтті. Нәтижесінде 9 оқытушы халықаралық дәрежеде сертификатталды. Оның ішінде 2 шебер тренер, 2 проктор, 5 инструктор-оқытушы сертификат алды. Осылайша олар колледжде өз беттерінше бақылау және бағалау жұмыстарын өткізуге мүмкіндік алды. 11 білім алушы NCCER – мамандықтарды бағалау және сертификаттау ұлттық бағдарламасы бойынша «Коммерциялық elektrik» мамандығымен халықаралық дәрежеде сертификат иеленді. Бұл аккредитеу колледж түлектеріне халықаралық сертификаттар алуға мүмкіндік берді. Демек, болашақ мамандарға әлемнің кез келген нүктесінде жұмысқа орналасу мүмкіндігі, – дейді колледж директоры Абайбек Таңғатұлы.

95 жыл тарихы бар, республикадағы үздік колледждердің бірі атанған бұл оқу орнының бүгінгі мақсаты – озық әдістемелерді қолға алу және әлемдік тәсілдер негізінде заманауи мамандардың қажеттіліктерін алдын ала болжайтын

білікті мамандарды дайындау болып отыр. Колледж шетелдік компаниялармен тәжірибе алмасу мақсатында қарқынды жұмыс істеуде. Атап айтқанда, Германия мемлекетімен бірлескен жобасы аясында – «Senior Experten Service» қоғамы мен колледждің энергетика, сандық техника, автомобильге техникалық қызмет көрсету, жөндеу, пайдалану және құрылыс мамандықтарының арнайы пән оқытушыларының біліктілігін арттыру мақсатында 4 шетелдік сарапшылармен тәжірибе алмасқан. Мұның бәрі ұжымдағы оқытушылар мен студенттердің бірлескен, үндескен жұмыстарының нәтижесі.

– Халықаралық қоғамдастықтармен ынтымақтас-тық кәсіби өсуге және танылуға ұмтылатын тиімді құрал. Бұл жаһандық байланыс негізгі факторға айналып отырған әлемдегі маңызды істің бірі. Мәселен, колледжде «Жұмысшы мамандықтарын даярлау: Германия мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастық және тәжірибе алмасу» тақырыбында халықаралық конференция өтті. Конференцияның мақсаты – жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру және халықаралық серіктестікті нығайту, ғылымдағы жана озық идеяларды талқылау. Қошбасшы колледж 2025-2030 жылдарға арналған даму жоспарын жасап, алдына стратегиялық мақсат қойып отыр, – дейді колледждің оқу өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары Мағрипа Айтенова.

Қазір колледжде 34 мамандық бойынша мамандар даяр-лануда. Негізгі мамандықтар ауыл шаруашылығы, құрылыс, энергетика, көлік, теміржол, шар шаруашылығы, геология және IT бағыттарын қамтиды. Жыл сайын мұнда еңбек нары-ғындағы сұранысқа сай мамандықтар толығуда. 95 жыл-да білім ордасы талай биік шыңдарды бағындырды. Өсті, өнді, өркендеді. Бүгінде оқу орны халықаралық білім кеңіс-тігіне еркін қанат жая бастады. Жыл өткен сайын жаңа мамандықтар қосылып, колледждің оқу-материалдық базасы кеңейді, жанарды. Уақыт сұранысына білім алушылар саны жылдан-жылға артты. Білім ордасы «Жас маман» жобасына енген мамандықтар аясында оқу зертханалық кабинеттермен толық жабдықталған. Сонымен қатар «Мансап» оқытушы жұмыс істейді. Орталықта бітіруші түлектермен қазіргі таңда жоғарғы оқу орындарына түсу мақсатында кеңешті тес-ке дайындық ұйымдастырылған. Колледж жанынан ашыл-ған жылыжайда қияр, шалқан секілді көкөністер егіліп, білім алушылар үшін іс-тәжірибе алаңына айналған. Сондай-ақ 2 гектар жерге ала бағы, 2 гектар көкөністер егіліп, «Агро-номия», «Орман шаруашылығы» мамандықтарының білім алушылары тәжірибе жинақтау алаңымен қамтамасыз етілген.

Атап айтқанымыз, Исатай Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғарғы колледжі республика бойынша үздік 20 колледж қатарында. Осы тұғырдан түспеу үшін алдына нақты мақсат қойып отыр. Басты мақсаттардың бірі –



халық-аралық стандарт бойынша сер-тификатталған кадрлар дайындау.

– Жасыратын несі бар, кәсіптік білім беретін колледжде баруға намыстанатындар көп. Ата-аналар да баланың кәсіптік білім алсам деген ұсынысын қолдай бермейді. Балаларға мектепте, отбасында дұрыс бағыт-бағдар бермеген соң қайда барарын, кім боларын білмей жүрген жастар көп. Жұмысшы мамандығы еңбек нарығында аяудай қажет. Кезінде ірі өндіріс орындарындағы білікті мамандар кәсіптік-техникалық білім беретін оқу орындарына арнайы іссапарға жіберіліп, тәжірибесімен бөлісіп, дәріс оқитын. Ол кезеңді біз де басымыздан өткіздік. Өндірістік оқыту сабақтарын өткізіп, жас мамандарды тәрбиелеу ісіне үлесін қосатын. Осы үрдіс қазір үзділі қалды. Бірақ осыны қолға алуды жоспарлап қойдық. Біздің студенттер тек Қазақстан емес, шетелден де тәжірибеден өтетін болады, – дейді Мағрипа Айтенова.

Жастарға кәсіби бағдар беруде бұл колледжде толымды тірліктер бар. Бір қынжылтарлығы, қазіргі уақытта жұмысшы мамандықтары бойынша еңбек етуге ынталы жастар азайып барады. Мұның түрлі себебі бар. Мәселен, кейбір жұмыс орындарында жалақыны аз ұсынады. Сондықтан алдағы уақытта жұмысшы мамандардың мәртебесін арттыру үшін осы мәселенің шешімін таппан дұрыс. Себебі бүгін сөз еткен бір ғана колледждің білім беру бағытындағы игілікті істерімен танысып, жастарға мол мүмкіндік берілгенін білдік. Осындай колледжде білім алып, шетелмен байланыс жасай отырып еңбек етсе, жұмысшы мамандықтарының абыройы арта түсері анық.

Айтқалкын АЙТЖАНОВА

Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

АҚМАРАЛДЫҢ ШАБЫТ ӘЛЕМІ



Ақмаралды әкесі Нартай әндерін орындауға бағыттап, аудандық музыка мектебінің аккардеон сыныбына береді. Алғаш Махмұт Асқаровтан тәлім алған. Аккардеон сыныбын бес жыл оқып, мектептегі ән кештерінде сырнаймен ән салған. Ең алғаш 9 мамыр – Жәніс күніне арналған кеште «Синий платочек» әнін айтқан кезде толқығаны сондай, көзін тарс жұмып алып орындағанын айтады. Бұл аккардеонмен ең алғаш ән салуы екен.

– Көрерменге лық толы зал тым-тырыс. Бұл не тыныштық деп көзімді ашсам, көрермен сілтідей тынып, ән тындап отыр. Ал ортада Нина Петровна Безгина деген орыс тілі пәні мұғалімі шыр айналып билеп жүр. Көрерменнің мұғаліміне тәнті болған мен әрі қарай әнімді ықпалына тәнті болған мен әрі қарай әнімді сенімді түрде жалғастыра бердім. Себебі бұған дейін аккардеонмен тек нотамен шығарған шығарманы ғана ойнайтынмын. Ал бұл ән аспапты толық меңгермей тұрып, өздігімен тындау арқылы шығарған алғашқы әнім еді. Оны мектеп сахнасында алғаш орындау мен үшін өте жауапты болды. Мектеп бітірген соң да бір жыл өз мектебімде әнінен сабақ бердім. Осылайша аспапта ойнау шеберлігін дамыта жүріп, әкемнің алтын қорындағы Арзулла Молжігітов, Әбілаш Әбуов, Айзахан Бижанова, Тұрсынқұл Баяханова,

Басы 1-бетте

Мұхаметжан Рүстемов ұнтаспынан Нартай әндерін тындап үйренсе бастадым, – дейді әнші.

Қазір ел ішінде әлі де тұнып тұрған, зерттелмеген жыршылар мен олардың шығармашығын зерттеуді перзенттік парызы санайтын әнші бүгінде сол бағытта тер төгіп жүргенін айтады. Оның репертуарында Нартайдың барлық шығармасы мен халық әндері бар.

Бүгінде ұлағатты ұстаз ән долдасына қатысып, сырнаймен төгілтіп ән салып топ жарған шәкірттерімен мақтанады. Алайда домбыраға тәрбиелеу мүмкін емес екендігін айтады.

– Сырнайда ойнай отырып, шығарма орындау кейбір мамандарын әлі күнге таңғалдырып келеді. Аспап пен дыбыстың үндесуі, шығарманы орындау мен аспапта ойнауды көп жылдық отырып, бүгін бір дүниеге көрерменнің көнілін аудару көп жылдық еңбектің нәтижесі. Аспабын құшақтап келген талапкерге бағыт беруден шаршамаймын. Шәкіртім өте көп те, аз да болуы мүмкін. Дегенмен жоқ емес. Солардың арасынан Тоғжан Өтенова, Ізбасқан Дәулетхан секілді шәкірттеріме үміт артатын, – дейді әнші-ұстаз.

Өнерге адалдық, ізденімпаздық, шынайылық, сезімталдық, шыдамдылық қасиеті Ақмарал Ноғайбаеваның ел алдындағы абыройын асырып, мерейін өсіріп келеді.

Ақмаралдың ұстанымы өнерді мадақ, марапат үшін емес, киесі үшін құрметтеу керек. Құдайы берген талант халықтың игілігіне жараяу керек. Өнер иесі ән салғанынан бөлек, әр шығарманың түпкі негізін, шығу тарихын, оқиғасын зерттеп жүретінінен хабардармыз. Шығармашылықта, жалпы күндегі тіршілікте, мейлі шаруашылық

өмірде болсын, әрбір істің жүйелі орындалғанын қалайды. Колөнермен айналысып, сахналық киімнің үлгісін өзі сызып, әрбір элементіне мән береді. Бас киімдегі үкісі де өз қолынан шыққан. Қолы бос кезде асуден шықпай, отбасы мен қонағына дастархан жаю – сүйікті ісі. Арасында ән салып жүріп, құрт, май, ірімшік істеп, дәмді ас пісіру – әншінің сүйікті ісі.

– Анамның құрсағына біткеннен өнер адамы болу тағдырыма жазылған деп білемін. Әкенің қанымен дарыған қасиет қой бұл. Әр нәрсенің сұрауы бар. Сол қасиетті өнерді ел игілігіне өз деңгейінде жарата алсақ, біз үшін бақыт сол. Ата-ананың тәлім тәрбие алып, ұядан ұшқан соң, ұшар биігіңде, қонар айдыныңда адамзаттың қажетіне жараяу керек. Әулетіме адал келін, ұрпағым асыл ана, сүйгеніме адал жар, ата-анамның абыройын асқақтатар ұрпақ болсам арманым жоқ. Шәкірттерге ұлағатты ұстаз, немерелеріме сүйікті әже, келіндерге ақылшы ене ретінде, халқыма өнеріммен қажет болсам дүниенің қызығы сол емес пе? Жолдасым Жолмырза екеуміздің отасқанымызға 30 жыл болды. Бір ұл, екі қыз өсірдік. Үш немереміз бар. Бүгінде Көркем, Бегімсұлу, Әдемі деген ханшайымдардың әжесімін, – деп ағынан жарылды Ақмарал.

Р.С. Ақмарал Ноғайбаеваның орындауында, Нартайдың «Накыл сөз» термесін QR кодты сканерлеу арқылы тындай аласыз..



Gaynar ҚОЖАХМЕТОВА

Мағжан
ӘЛИЕВ,
«Зерделі» оқу орталығының
қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі:

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУГЕ АРНАЛҒАН МОБИЛЬДІ ҚОСЫМША ЖАСАҒЫМ КЕЛЕДІ

– Алдымен өзіңіз жайлы қысқаша айтып өтсеңіз. «Зерделі» оқу орталығында қанша уақыттан бері жұмыс істеп келесіз?

– Өзім Шиелі ауданында дүниеге келгенмін. №46 А.С. Пушкин атындағы мектеп-лицейінің 2019 жылғы түлегімін. 2023 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесін алдым. Қазіргі таңда сол университеттің 2-курс магистрантымын. «Зерделі» оқу орталығында жұмыс істеп жүргеніме 1 жыл болды. Осы уақыт ішінде ұжыммен де, оқушылармен де өте жақсы қарым-қатынас орнатып үлгердім.

– Қазақ тілін оқытуда қандай әдіс-тәсілдерді қолданасыз? Орталықтың оқыту ерекшелігі неде?

– Қазір әр мұғалімнің өз әдістемесі бар. Мен өз тәжірибемде «қызанақ» немесе «romodogo» әдісін жиі қолданамын. Бұл тәсіл оқушылардың зейінін ұзақ уақыт сақтап қалуға көмектеседі. Жаңа тақырыпқа көшкеннен кейін бірден тапсырмаға көшпей, 5-6 минуттық үзіліс жасау арқылы ақпараттың есте жақсы сақталуына ықпал етеміз. Бұл – балаларды жалықтырмайтын әрі тиімді тәсіл.

– Сабақ барысында оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін қандай әдістерді пайдаланасыз?

– Біз оқушы кезде кез-келген жаңа нәрсеге таңғалып, қызығатын едік. Қазіргі заманда жаңа ұрпақтың қызығушылығын ояту қиынның қиыны. Сол үшін мұғалім үнемі ізденісте отыруы керек. Мен көбіне жаңа тақырып түсінікті әрі қызықты болу үшін сабақ соңында ойын түрінде тапсырмалар орындаймын. Әсіресе, «Жасырын сөйлем», «3 литрлік банка», «Ойын оқы» (сөз табу) секілді ойындар оқушыларға ерекше ұнайды. Бұлар тек оқушыларды сергітіп қана қоймай, сыни ойлауына да ықпалы зор. Одан бөлек оқушыларға өткен тақырып бойынша жұптық және топтық сайыстар ұйымдастырамын. Бұл жай ғана сұрақ қойып, жауабын алып отыра бергеннен гөрі, бір-бірімен жарысып, оқушылардың сабаққа деген белсенділігін арттырады. Бірақ сабақты шектен тыс ойын қылып жіберуге де қарсымын. Оқушы білімнің салмағын түсіну керек.

– Оқушылардың қазақ тілі пәніндегі жетістіктері жайлы не айтар едіңіз?

– Қазіргі уақытта жетістікті нәтижемен өлшейтін заман болды ғой. Әрине, қай мұғалім үшін де оқушының жоғары нәтиже көрсеткені көңіл қуантады. Бірақ мен үшін мына оқушым нақты мынадай марапат алды дегеннен гөрі, пәнді жақсы меңгерді деген нәрсе қуантады. Мысалы, 5-6 сынып оқушылары алғашқыда 20 балдық тесттен 14-15 ұпай жинап жүрсе, соңғы айларда 19/20 балл жинап жүргендері қуантады. Бұл – үлкен жетістік. Одан бөлек ҰБТ-ға дайындап жүрген оқушыларымыздың нәтижесі де жаман емес. Бұл тек мұғалім тарапынан емес, оқушы тарапынан да тәртіп пен еңбекті қажет етеді.

Басы 1-бетте

– Сабақта қандай оқу құралдарын жиі пайдаланасыз?

– Осы тұста «Зерделі» оқыту орталығының авторлық кітаптарын айтпай кетпей болмас. «Зерделі» кітаптары сабақты тиімді өткізу үшін таптырмас оқу құралы. Тілдің



бірнеше саласына (фонетика, лексика, морфология) арналған арнайы бөлімдерден және түрлі сұрақтар мен мәтіндік тапсырмалардан құралған. Тек қазақ тілінен емес, басқа да пәндерден арнайы кітаптары бар. Бірақ қазіргі оқушыларды жай кітаппен ғана сабаққа қызықтыру қиын. Сол үшін жаңа техникалық құралдарды да пайдаланамыз. Интерактивті тақта болсын, одан бөлек, арнайы «kahoot», «quiziz», «wordwall» секілді бағдарламаларды да тест тапсыруға, өткен тақырыпты қайталауға қолданамыз. Бұлар оқушының танымдық көкжиегін арттыруға септігін тигізеді.

– Тіл үйренуде оқушылар қандай қиындықтарға тап болады және сіз қалай көмектесесіз?

– Қызығын айтайын, біздің орталыққа қазақ тілін үйренемін деп келетін оқушылар бар. Халықтың 99 пайызы тіпті басқа ұлт өкілдеріне дейін қазақша сөйлейтін бұл өңірден қазақша үйренуге қызығып келетіндерді көргенде таңғаламын. Бір жағынан қуанамын. Алайда орталықтың негізгі бағыты – НИШ-ке және ҰБТ-ға дайындау. Сондықтан біздің орталықта тіл грамматикасын тереңдетіп үйретеміз. Осы тұста айта кететінім, кез келген бір тілді 2-3 айда оңай меңгеріп шығасың дейтін курстарға сенбеу керек. Өйткені жаңа тілді үйрену ұзақ процесс екені белгілі. Өзіме «Аз-аздан үздіксіз» деген ұстаным қатты ұнайды. Тіл үйренуде немесе жаңа бір нәрсе бастауда қиындық кездеспей қоймайды. Қазір оқушылардың сөздік қорының аздығы байқалады. Оның үстіне қазақ тілі сөзге бай тіл екенін ескерсек, қазақ тілін үйренем деушілер үшін сөз жаттау аса маңызды. Жоғарыда айтқан ұстанымымдай, тәртіп пен еңбек керек, күніне 1 сағат уақытынды арна және ол күнделікті болсын. Сонда кез келген қиындықты еңсеруге болады деп ойлаймын.



– «Зерделі» орталығында оқушыларға жеке тәсілмен оқыту мүмкіндігі бар ма?

– Иә, әрине, бар. Біздің орталықта әр оқушыға жеке-жеке көңіл бөлінеді. Әр оқушының білім деңгейіне қарай топтарға бөліп, қабылдауына қарай әдістемелерді ұсынамыз. Ата-аналардың қалауы да осы. Өз баласына жіті көңіл бөлінгенін қалайды. Топтан бөлек жеке сабақтарымыз да бар. Жеке сабақтарда оқушыға тек білім беріп қоймай, психологиялық жағынан жақын болуға тырысамыз. Бұл балаларға өте жақсы әсер етеді және сабаққа құлшыныспен келуге ықпалы мол.

– Сіздіңше, ұстаз үшін ең үлкен жетістік?

– Кейбіреулер үшін марапат, «Жыл мұғалімі» атағы – үлкен жетістік болуы мүмкін. Бірақ мен үшін үлкен жетістік – оқушы мен ата-ананың шын алғысы. Үйреткен білімді оқушының адал жолда қолдануы – осының бәрі ұстаздың шынайы жемісі.

– Болашаққа қандай жоспарыңыз бар? Қазақ тілін оқытуда қандай жаңа идеялар ойда жүр?

– Идея көп. Бауырым – IT маманы. Алдағы уақытта екеуміз бірлесіп қазақ тілін оқытуға арналған мобильді қосымша жасауды жоспарлап отырмыз. «Duolingo» секілді қосымша, бірақ өзіміздің ұлттық ерекшелігімізге сай болса деймін. Бұл онлайн кітап немесе ойын форматы болуы мүмкін. Қазір бұл идея санамда пісуде, болашақта іске асырам деген сенімдемін.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан София ХАЙРУЛЛА

Меншік иесі:

**СЫР
МЕДИА**

жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)

Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)

Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)

Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)

Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4391 Тапсырыс №816

Нөмірдің кезекші редакторы Айтолқын АЙТЖАНОВА